

2019 - 2020 оку жылын аяқтау және орта білім беру үйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 129 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20324 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомствоның бағыныстылығына қарамастан орта білім беру үйымдарында 2019-2020 оку жылын үйимдасқан түрде аяқтау мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысанына және ведомствоның бағыныстылығына қарамастан орта білім беру үйымдарында оку жылды 2020 жылғы 25 мамырда аяқталсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
бұйрығымен.**

2. Қорытынды аттестаттауды:

1) 9 (10) және 11 (12) - сыныптардың білім алушылары тапсырмайды, аттестат ағымдағы оку жылдарын жылдық бағалары негізінде беріледі;

2) экстернат нысанында оқитындар қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, тоқсан бойынша жиынтық бағалау нысанында тапсырады;

3) шетелге оқуға түсү үшін кеткенде немесе түрғылықты орнын шетелге ауыстырған жағдайда, растайтын құжаттарын ұсынған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың бітірушілері қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып онлайн режимінде қорытынды бітіру емтихандары және мемлекеттік бітіру емтихандары нысанында тапсырады;

4) халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға баратын және сол жақта білім беру мекемелерін аяқтайтын 11 (12) сыныпты бітірушілер 11 (12) сынып үшін 10 сыныптағы жылдық бағасын ескере отырып оқыған елдегі ағымдағы бағаларының негізінде тапсырады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
бұйрығымен.**

3. Облыстардың, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, сондай-ақ респубикалық орта білім беру үйымдары 2019-2020 оку жылын осы бұйрықтың талаптарына, "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды

, оларды аралық және қорытынды атtestаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 5191 болып тіркелген) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды атtestаттау өткізудің үлгілік қағидалары сәйкес аяқтауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК